

Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 28 қарашадағы № 4 "Қарабұлақ және Аманкелді ауылдары көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 наурызда № 6860 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің қазақ тілдегі 2008 жылғы 28 қарашадағы № 4 "Қарабұлақ және Аманкелді ауылдары көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-3-65 болып тіркелген, 2008 жылғы 30 желтоқсанда "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесі келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. "Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданы Қарабұлақ ауылдық
округінің әкімі

Е. Махамбетов